

Қандыағаш қалалық №1 жалпы білім беретін орта мектебінің
қамқоршылық кеңесінің отырысының
№ 3 хаттамасы

Өтілген күні: 31.03.2025 жыл

Отырысқа қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Сарсенов Н.А

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Исакенова А

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Батырханова С

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Мырзатаева А

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Тулегенова Р, Идирисов А

Мектептің әлеуметтік педагогы: Смагулова Б.Т

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. 1 – 4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту жұмыстары.
2. Оқушылар арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары.
3. Наурыз мерекелік іс—шараға тарту

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы: Н.Сәрсенов; Қайырлы күн құрметті бүгінгі отырысқа қатысушылар кезекті отырысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі отырыста үш мәселе қаралғалы отыр сөз кезегін келесі мәселеге ұсынамын.

1– мәселе бойынша Смагулова Б.Т – әлеуметтік педагог: Саламатсыздар ма, кезекті отырысқа қатысушылар Наурыз айы бойынша оқушыларды мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамту жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда 1 - 4 сынып оқушылары 382 баланы құрайды. Оның ішінде 11 оқушы арнайы категорияға жатады. 1 – кезекте 1 сынып оқушылары – 92; 4 сынып оқушылары -90 оқушыны құраса, 2 – кезекте 2 сынып оқушылары 98; 3 сынып оқушылары 102 оқушыны құрайды. Оқушылар өз уақыттарында тамақтанып отыр. Тамақтанып болған соң оқушылар «Алақан» бағдарламасы арқылы белгіленіп отыр.

2- мәселе бойынша оқушылар арасында салауатты өмір салты бойынша ДТІЖО: Идирисов А; Саламатсыздар ма, отырысқа қатысушылар «Туберкулездің алдын-алу» , «Зиянды заттардың алдын-алу» тақырыптары бойынша аудандық аурухананың салауатты өмір салты дәрігері С.С.Инесовамен кездесу өткізіліп түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Зиянды заттармен күресу», «Зиянды әдеттерден сақтан», «Жасөспірім зиянды заттардан аулақ бол!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында « Заң және тәртіп», «Бала құқығы-асыл қазына», «Қылмыс және жасөспірім», «Тәрбие қалай қалыптасады» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. 8-11 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылық қылмыс жақысылыққа апармайды» тақырыбында Мұғалжар ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция майоры М.Дүйсенбаев және Мұғалжар ауданы прокуратурасының прокуроры Н.Т.Ахметкерей қатысып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Жиналыс барысында оқушыларға тәрбиелік мәні бар бейнероликтер көрсетіліп, құқықбұзушылық бойынша, кешкі мезгілде ата-анасының қарауынсыз жүрмеу, алаяқтық әрекеттерге бармау, ұрлық мәселелері төңірегінде айтылды.

1.3-мәселе бойынша Наурыз мерекелік іс—шараға тарту: ДТІЖО: Р.Н.Тулегенова;

Қайырлы күн бүгінгі отырысқа қатысушылар кезекті мәселеге көшетін болсам: Осы наурыз айында аудандық білім бөлімінен Наурызнаманың он күндігі өтті. 14 наурыз Көрісу күні, 15 наурыз, Қайырымдылық, 16 наурыз, Шаңырақ, 17 наурыз Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, 18 наурыз Ұлттық киім күні, 19 наурыз Жаңару, 20 наурыз

Ұлттық спорт күні 21 наурыз Ынтымақ, 22 наурыз Жыл басы, 23 наурыз Тазару күні болып енгізілген осыған байланысты әр күнге тақырып бойынша шаралар өткізілді. Исшараға Мұғалжар аудандық аналар комитетінің төрайымы Ж.Асабаева, аудандық тарихи –өлкетану музейінің директоры Ш.Абдирзаков, ардагер ұстаз М.Тыныштыгулова сонымен қатар ата-аналар ,оқушылар сынып жетекшілер қатысты.

Қаулы:

1. 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту жұмыстары талапқа сай жүргізілсін:
2. Оқушылар арасында зиянды заттың құқық бұзушылықтың алдын –алу жұмыстары жоспарлы жүргізілсін.
3. Наурыз мерекелік іс-шараларға ауданданға белгілі азамат ,азаматшаларды көртеп тарту.


Комиссия төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:



Сарсенов Н.А



Исакенова А



Батырханова С



Мырзатаева А



Бакитова Қ.Қ

